

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

АБАЙЛАҢЫЗ! АЛАЯҚТАР ДЕЛДАЛДАР КЕЙПІНЕ ЕНУДЕ!

Құрметті салымшылар!

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (БЖЗК) соңғы уақытта алаяқтардың жалған ақпарат тарату жағдайларының жиілеп кеткенін хабарлайды.

Атап айтқанда, әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияларға немесе сақтандыру ұйымдарына аудару жолымен қолма-қол алу бойынша делдалдық қызметтер көрсету туралы ұсыныстар жіберіледі. Тек мұндай қызметі үшін хабарлама иесі белгілі бір көлемдегі сыйақыны талап етеді.

"БЖЗК" АҚ бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын мәлімдейді. Жеке басқарушы компаниялардың сенімгерлік басқаруындағы немесе зейнетақы аннуитеті шарты бойынша өмірді сақтандыру компанияларында орналастырылған зейнетақы жинақтарын қандай да бір делдалдар арқылы алу мүмкін емес. Ал салымшыларға БЖЗК-дағы зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін ғана заңнамада көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделу мақсаттарына пайдалану үшін шешіп алуға рұқсат етіледі.

Алаяқтар ұсынған схемаларға қатысуға келісе отырып, сіз өз ақшаңызды жоғалту қаупін тудырып қана қоймай, сонымен қатар болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңіздің сақталуына да қауіп төндіресіз.

"БЖЗК" АҚ өз салымшыларына соңғы кездерде жиі таралып кеткен осындай "жалған" хабарламаларды елемеуге және ақпаратты тек ресми көздерден ғана алуға қатаң кеңес береді.

Сіз зейнетақы жинақтарын алу мен аударуға қатысты барлық сұрақтарға жауапты [БЖЗК бөлімшелерінен](#) де, қашықтықтан да алып, ақпараттың сенімділігін былайша тексере аласыз:

көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы.

БЖЗК-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).